

Олжабай батыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің 2022-2023 оқу жылындағы Құқық кеңесінің отырысының Хаттама №4

Күні: 24.03.2023

Қатысқандар: кеңес мүшелері

Күн тәртібінде :

1. Оқушылардың сабақтан қалу себептері мен олардың алдын- алу жөнінде.
2. Сабақтан көп қалатын оқушыларға лекция түрлерін оқу, үнемі қадағалап отыру.
3. Ұлдар тәрбиесі
4. Рейд жүргізу туралы ақпарат

Жиналысқа қатысқан: 5-11 сынып оқушылары, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

Сергазы Ж, «Жас сарбаз» үйірмесінің жетекшісі, АӘД мұғалімі Кокумбаев Қ.Е

Тыңдалды.

Жиналысты директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сергазы Ж сөз алды;

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша оқушылардың сабақтан қалу себебін анықтады. Сабақтан қалған оқушылар түрлі себептер айтты. Жұмысқа қарасуы, ұйықтап қалу, сұранып кету т.б., сабақтан қалу жөнінде қатаң ескерту жасалды. Жиналысқа қатысып отырған 5-11 сынып жетекшілер.

9 сынып жетекшісі Бейсенова Ж; Мектеп оқушыларын сабақтан қалмауларын қатаң бақылауға алу керек.

Жиналысқа қатысып отырған оқушылар қалмауға уәде беріп жатты.

Екінші мәселе бойынша мектеп психологы Рақыш Қ оқушыларға түрлі лекция жүргізіп, пікір алмасу ұйымдастырды.

Лекцияға байланысты оқушылар сұрақтарын қойып отырды.

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Сергазы Ж сөз алды; Құрметті сынып жетекшілер! Оқу жылы аяқталуына аз уақыт ғана қалды, оқушыларыңызды қатаң бақылауда ұстауларыңызды сұраймын.

2- мәселе бойынша «Ұлдар тәрбиесі» туралы мектептің ұлдар тәрбиесінің жетекшісі Кокумбаев К.Е ұлдарды өзін-өзі бағалауға ынталандыру, рухани өмірге қызығу туралы, жастықшақ, жігіттік кезең туралы мағлұмат берді.

Шешімі:

Оқушылар осы уақыттан бастап сабақтан қалмайтын болсын, егер қалса класс жетекшілер себебін анықтап мәлімет беретін болсын.

Сабақтан көп қалатын оқушылармен класс жетекшілер психологпен бірлесе отырып, жұмыс жүргісін.

3. Ұлдар тәрбиесіне көп көңіл бөліп, ұлдар кеңесінің жұмысын одан әрі жандандырылсын.

Мектеп директоры:



Назарбекова С.А

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:



Сергазы Ж

Хатшы: Шамшитова Ш.А

